



ARDOR GAMING

**Құлаққабыңыздың
салғышы
ARDOR GAMING
SPECTRUM**

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің команда Сіздің компьютерлік ойындарға деген құштарлығыңызды толығымен бөліседі, сондықтан біз Сіздің ойын тәжірибеңізді геймерлерге арналған аксессуарлармен ұмытылмастай ету үшін бар күшімізді саламыз.

Жаңа жеңістер мен ең жарқын әсерлер тілейміз!


Техникалық сипаттамалары

Сыртқы дыбыстық картасы бар құлаққаптарға арналған салғыш

- Сауда белгісі: ARDOR GAMING.
- Үлгісі: Spectrum.
- Дайындалған материалы: пластик және алюминий.
- Қосылым типі: USB-C.
- RGB жарықтандыру: 9 режим.
- Шығыстар:
 - құлаққаптарға үшін 3.5 мм jack.
 - микрофон үшін 3.5 мм jack.
 - 3.5 мм jack 1-де 2-еуі (микрофон + аудио).
 - 2 USB-порт.
- Кабель ұзындығы: 1.8 м.
- Габариттер: 133 x 117 x 248 мм.
- Салмақ: 320 ± 5 г.
- Атаулы қуат: 0.25 Вт.
- Зарядтау кернеуі: 5 В ± 0.25 В.
- Жұмыс тогы: 50 мА.

Құрылғы схемасы

1. USB 2.0 ағытпа.
2. Микрофон үшін 3.5 мм ағытпа.
3. Аудио ағытпа 3.5 мм.
4. Ағытпа 3.5 мм jack 1-де 2-еуі (микрофон + аудио).
5. USB 2.0 ағытпа.
6. RGB-жарықтандыру.
7. Жарықтандыруды сенсорлық реттегіш.
8. Type-C қуат беру USB ағытпасы.



Жиынтықтама

- Құлаққаптарға арналған ARDOR GAMING Spectrum салғышы.
- Қуат беру Type-C USB кабелі, 1.8 м (қуат беру және деректерді тарату үшін).
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Виртуалды КӨЛЕМДІ дыбысталу режимі 7.1

Құлаққабыңыздың салғышы USB порттары немесе 3.5 мм аудио ағытпалар арқылы қосылған кезде 7.1 виртуалды көлемді дыбысталу режимін қолдайды. Дыбысталу сапасын жақсарту үшін Сіз <https://ardor-gaming.com> сайтында тауар карточкасындағы «Драйверлер» бөлімінен арнайы БҚ жүктей аласыз.

RGB-жарықтандыру және сенсорлық реттегіш

9 RGB жарықтандыру режимінің арқасында Сіздің ойын процесіңіз одан да жарқын және атмосфералық бола түседі. Сенсорлық реттегіш құрылғының жарықтандырылуын тез және оңай басқаруға мүмкіндік береді.

2 USB 2.0 ағытпасы

USB ағытпалары көптеген үйлесімді шеткері құрылғылардың Сіздің құлаққабыңыздың салғышына сенімді түрде қосылуына мүмкіндік береді.

3.5 ағытпалары

Сіздің салғышыңыз құлаққаптар мен микрофонды 3.5 мм (микрофон + аудио) бірыңғай ағытпасы арқылы немесе құлаққап пен микрофон үшін бөлек 3.5 мм ағытпалар арқылы қосылуды қолдайды.

USB арқылы қосылған кезде орнату

Сіздің ARDOR GAMING құлаққаптарыңызға арналған салғыш жүйеңіздегі әдепкі бойынша дыбыс көзі екеніне көз жеткізіңіз.

Windows 10 арналған тәсіл:

- Басқару панелі
- Дыбыс
- ARDOR GAMING Spectrum
- Әдепкі бойынша
- OK

macOS арналған тәсіл:

- Жүйенің қасиеттері
- Дыбыс
- Шығыс - ARDOR GAMING Spectrum
- Кіріс - ARDOR GAMING Spectrum

Сақтық шаралары

1. Құрылғы құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.
2. Қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен түйісуіне жол бермеңіз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электрмагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.

Сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ерешелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының құрғақ үй-жайда сақталуы мен тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы мұқият ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталғанда авторизацияланған сервистік орталыққа дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Енона Аудио Ко., Лимитед.

301, А зауытының ғимараты, Шичан тас жолы 2, Саньюань, Дунчэн қосалқы ауданы, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін. Бұйымның нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан ерекшеленуі мүмкін.

Тауардың өндірілген күні, сонымен қатар кепілдік пен V.1 пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.



<https://ardor-gaming.com>